

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 890 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I,

121, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар, 2016 ж., № 6, 45-құжат):

35-бапта:

1-тармақтың 16) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-4-тармақпен толықтырылсын:

"1-4. Кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізеді;

2) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастырады;

3) шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын қамтамасыз етеді."

2. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар, 2015 ж., № 11, 52-құжат):

1) 1-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әкімшілік деректер – алғашқы статистикалық деректерді қоспағанда, әкімшілік дереккөздер қалыптастыратын жеке немесе заңды тұлға бойынша жеке-дара сандық (сан арқылы өлшенетін деректер) және (немесе) сапалық (мәндері белгілі бір қағидат және (немесе) белгі бойынша сараланған) деректер және шаруашылық бойынша есепке алу деректері";

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) ұлттық санақ – халық санағы мен ауыл шаруашылығы санағын қамтитын және статистикалық жұмыстар жоспарынан тыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізілетін арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау";

мынадай мазмұндағы 22-1), 22-2) және 22-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"22-1) халық санағы – белгілі бір уақыт кезіндегі жағдай бойынша респондентті сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау, өңдеу, біріктірілген деректерді талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

22-2) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жағдайы туралы деректерді жинау, өңдеу, біріктірілген деректерді талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

22-3) арнайы құрылған комиссия – ұлттық санаққа дайындыққа және өткізумен байланысты ұйымдастырушылық және нұсқамалық мәселелерді шешу үшін құрылған комиссия";

мынадай мазмұндағы 25), 26), 27) және 28) тармақшалармен толықтырылсын:

"25) интервьюер – жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде респонденттер мен үй шаруашылықтарына сауалнама жүргізуді жүзеге асыратын адам;

26) метадеректер – деректер және дереккөздер, әдіснамалар, анықтамалар, жіктелімдер және деректердің сапасы туралы ақпаратты ұсыну арқылы статистикалық деректер мен статистикалық процестерді стандартталған тәсілмен сипаттайтын басқа да құжаттама;

27) телефон арқылы сауалнама жүргізудің компьютерлендірілген жүйесі – телефон сұхбаты арқылы статистикалық байқауларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе;

28) бағаны тіркеу – жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы (тарифтері) туралы алғашқы статистикалық деректерді жинау;"

2) 11-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) ұлттық санақты жүргізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекітеді;"

3) 12-бапта:

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) оның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингтеу мақсатында олар белгілеген тәртіппен және тәсілмен респонденттерге және пайдаланушыларға сауалнама жүргізеді;

6-2) белгіленген тәртіппен респонденттермен ерікті негізде жалпы мемлекеттік және (немесе) ведомстволық статистикалық байқаулар бойынша статистикалық нысандардың және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтардың жобаларын тестілеуді және талқылауды жүргізеді;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасын тіркеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасын тіркеуді жүргізеді;"

мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік заңнамасына сәйкес өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар (зерттеулер) және ұлттық санақтар жүргізу кезінде интервьюерлер санын, олар көрсететін қызметтер құнын есептеуді бекітеді;

8-2) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар (зерттеулер) және ұлттық санақтар жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту тәртібін бекітеді;"

9), 14) және 15) тармақшаларға қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізіледі, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"9) респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді";

"14) респонденттер алғашқы статистикалық деректерді ұсынған кезде оларды статистикалық нысандармен және осы нысандарды толтыру жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді;

15) респонденттерден алғашқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алады";

15-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен байланыс операторларынан респонденттер жөнінде байланыс деректерін алады";

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен үй шаруашылықтарынан олардың кірістері мен шығыстары туралы қажетті алғашқы статистикалық деректерді өтеулі және өтеусіз негізде алады";

қазақ тіліндегі 17) және 18) тармақшаларға өзгерістер енгізіледі, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"17) статистикалық ақпаратты түзу кезінде алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпаратты талап етеді;

18) респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді бұрмалаулары анықталған кезде респонденттерден алғашқы статистикалық деректерден тұратын статистикалық нысандарға түзетулер енгізуді талап етеді";

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жаңартылған құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық әдіснаманың кез келген аспектісінің өзгеруі кезінде статистикалық мақсаттар үшін жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарайды";

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) статистикалық ақпараттың сапасын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік статистика органдарының статистикалық қызметінің уәкілетті орган бекіткен ведомстволық статистикалық байқаулар жөніндегі статистикалық әдіснамаға сәйкестігіне талдау жүргізеді және талдау жүргізу үшін қажетті құжаттарды (ақпаратты ) сұратады";

4) 13-бапта:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жаңартылған құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық әдіснаманың кез келген аспектісінің өзгеруі кезінде статистикалық мақсаттар үшін жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарайды";

5) 16-бапта:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу әдістемелерін уәкілетті органмен келісу бойынша бекітуге;"

6) 17-баптың 1-тармағы:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға:

қағаз жеткізгіште;

заңнамада белгіленген тәртіппен электрондық түрде;

телефон арқылы сауалнама жүргізудің компьютерлендірілген жүйесі арқылы;

интервьюердің қағаз жеткізгішті және (немесе) дербес есептеу құрылғысын пайдаланумен респонденттен жеке сауалнама жүргізу арқылы;"

7) 19-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Статистикалық қызмет мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган жоспарланатын жылдың алдыңғы жылының 15 қарашасына дейін бекіткен статистикалық жұмыстар жоспарының негізінде жүзеге асырылады.";

8) 23-1-баптың 1-тармағының 1) тармақшасына қазақ тіліндегі мәтінге өзгерістер енгізіледі, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1) жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар және ұлттық санақтар кезінде алынған, аумақтық статистика органдары мен респонденттер ұсынған алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және оларды электрондық түрде сақтау;"

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*